| | Қыс туралы мақал-мәтел жаттау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту; шешендікке баулу, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету. Сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары | «Адамның қыстағы еңбегі» тақырыбына суреттерді қарастыру, әңгімелесу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды | «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». "Мен күмандануға да, сенбеуге де құқылымын" ой жинақтау сәті.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Балалардың қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан | "Қыс белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету.<br>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Қыс | Сәлемдесу жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар;<br>Ең жақын адамдар<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ... |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (маусым,адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.<br><br>Қыс арбаңды сайла.<br>Жаз шанаңды сайла.<br><br>Көліне қарай - қазы,<br>Қысына қарай - жазы.<br><br>Қыс азығын жаз жина.<br><br>Қыс аязымен,<br>Жаз самалымен. | дамыту. Еңбектің мазмұнын, сипаты және нәтижесінің маңызын түсінуге және бағалауға ынталандыру. | ермеу); қарапайым оқиғалар, шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері мысалдарында жеке қауіпсіздігінің маңызды екендігіне көз жеткізу, талқылау; көз пікірін білдіруге үйрету.<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. | мезгіліне тән табиғат құбылыстары жайындағы түсініктерді бекіту; тез ойлануға тәрбиелеу. | Бәрін жақсы көремін<br>Еркелеймін, еремін! |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | Сауат ашу негіздері<br>"к дыбысын таныстыру"<br>Мақсат-міндеттері: [к] дыбысын таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуды үйрету. Сөздік қорды, ойлау қабілетін, сөйлеу тілін | Сауат ашу негіздері<br>"[к] дыбысын қайталау".<br>Мақсат-міндеттері: [к] дыбысымен таныстыру.<br>К дыбысына тіл ұстарту жаттығуларын орындау, сөз құрату, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау жасату.<br>Математика негіздері | Математика негіздері<br>"Жануарларды екіден және үштен топтастыру (Бекіту)"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ұғымындағы «тоғыз» саны, оны құрайтын элементтер туралы түсініктерін дамыту. | Математика негіздері<br>"Қысқы ормандағы тіршілік жайлы не білесің?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды "тоғыз" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру; "тоғыз" санын тану, басқа заттар | Сауат ашу негіздері<br>Дыбыстық талдау жасау, [і], [к] дыбыстарын қайталау.<br>Мақсат-міндеттер: І, К дыбыстарының айтылуын және артикуляциялық қалпын дамытуды пысықтау.<br>Балаларға «І», «К» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту. Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту.<br>Қазақ тілі<br>"Һ дыбысы"<br>Мақсат-міндеттері. [-h] дыбысының артикуляциясын нақтылау; h дыбысын буында, сөзде, сөйлемнің ішінде дұрыс және анық айтуды үйрету; артикуляциялық жаттығуларды дұрыс, толық орындауын, ауаны дұрыс бағытауын қалыптастыру; көру және есту қабілетін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын, дауысын, тыныс алуын, фонематикалық есту қабілетін, дыбыстық талдау және жинақтау дағдыларын дамыту; жаңылтпаш айту арқылы тіл байлықтарын арттыру, қыс мезгілі, қардың | "Жануарларды екіден және үштен топтастыру"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында «тоғыз» саны туралы түсінік қалыптастыру, оны тану және атау іскерлігін жетілдіру. «Тоғыз» жиын санын құрайтын элементтердің түрлері жайлы түсінігін дамыту; сандардың өсуі мен кемуін нәтижелерін жаттығудағы заттарды бір-бірінің тұсына қою және беттестіру тәсілдері арқылы табуды үйрету; жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орнату білігін дамыту.<br>Музыка<br>"Жануарлар туралы әндер"<br>Мақсат-міндеттер: балалардың тиін туралы әнді тыңдап, әннің сипатына қарай | Заттар тобын бір-бірінің тұсына қою және беттестіру тәсілдері арқылы табуды үйрету; жиындар және олардың құрамдарының арасындағы қатынастарды орнату білігін дамыту; Қазақстанда және өзге елдерде мекендейтін жануарлар туралы білімдерін бекіту; логика негіздерін дамыту; бірізділік сезімін тәрбиелеу.<br>Қазақ тілі<br>"Түлкі мен сұр қасқыр" ертегісі.<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға «Түлкі мен сұр қасқыр» ертегісін таныстыру; айла, алдау, ашкөздік, ақымақтық, мейірімділік және жанашырлық сияқты қасиеттер туралы түсініктерін | жиынтығымен салыстырып, ажыратуға жаттықтыру.<br>Тіл дамыту<br>"Сөйлем түрлері. «Қысқы ойындар» суреті бойынша әңгіме құрастыру"<br>Мақсат-міндеттер: сөйлем түрлерін ажырата білуге үйретуді пысықтау.<br>Музыка<br>"Сауысқан"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қараторғай туралы әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; сауысқан туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру.<br>Қоршаған әлеммен таныстыру<br>"Қардың қасиеттері".<br>Мақсат-міндеттер: балаларға қардың құрылымы және оның | дыбыстарын буында, сөзде дұрыс айтуды бекіту.<br>Мүсіндеу<br>"Суықторғайды мүсіндейміз"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қыстап қалатын құс: суықторғайды домалақтау, жалпайту, созу, қырнауышпен тырнау әдістерін пайдалана отырып ермексаздан мүсіндеуді үйрету; қыстап қалатын құстарды естеріне түсіріп, суықторғай жайлы білімдерін кеңейту; тақырыпқа қызығушылықтарын арттыру; жұмыс соңында жұмыс орнын тазалап, қолдарын сүлгімен сүрту іскерліктеріне тәрбиелеу.<br>Дене тәрбиесі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; ұқыптылыққа, өз бетінше жұмыс істеуді үйрету, өзінің сөйлеу тілін қадағалауға тәрбиелеу. Дене тәрбиесі "3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалатуды пысықтау" Мақсат-міндеттері. Балаларды 3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалатуға үйретуді пысықтау; ұйымдастырылған іс-әрекетте жаттығудың дәстүрлі емес түрлерін пайдалана отырып, аңдардың қимылдарын бейнебаян бойынша қайталауға үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру; ептілік пен жылдамдыққа тәрбиелеу. Қоршаған әлеммен | музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажыратып білу қабілетін жетілдіру. Тіл дамыту "Сөйлем түрлері. «Қысқы ойындар» суреті бойынша әңгіме құрастыру" Мақсат-міндеттер: сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. | қалыптастыру; маусымдық өзгерістер туралы; құстар мен жануарлардың жаз, қыс мезгіліндегі тіршілігі; адам өмірінің ерекшеліктері туралы идеяларын дамыту; еңбек қажеттілігі және жақсы мінездің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейту; мейірімділікке, еңбекқорлыққа, жомарттыққа, ертегілерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Дене тәрбиесі "Доппен жаттығулар" Мақсат-міндеттері. Балаларды тізені жоғары көтере отырып секіргіштен аттау арқылы жүру; 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, оң | судың айналудың бірі екендігі туралы қарапайым білімдерді пысықтау. | "Доппен эстафеталар" Мақсат-міндеттер: балаларды құрсауларды айналдырып, олардың ішінен өтуге үйрету. Көркем әдебиет "Ахмет Байтұрсынұлының «Қарға мен түлкі» мысалымен танысу (И.А. Крыловтан аударма)" Мақсат-міндеттері. Балаларды Ахмет Байтұрсынұлының «Қарға мен түлкі» атты мысалымен таныстыру; кейбір сирек кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру; лексикалық жаңа құрылымдарды құрауға машықтандыру; мысалдарда айқындалған мақтаншақтық пен ақылсыздық туралы ұғымдарды түсінуді үйрету; еске сақтау, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру<br>"Ғажайып сыйлықтар".<br>Мақсат-міндеттері. Кітап - сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. | | қолмен лақтыруға үйрету; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыру; жұптасып тұрып шайбаны бір-біріне сырғанату іскерліктерін жетілдіру.<br>Көркем әдебиет<br>"Т. Тойбазарұлы «Құстар», «Қайтпай қалған қарлығаш». Мазмұны бойынша әңгімелеу".<br>Мақсат-міндеттер: әңгіме бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру, қыстап қалған құстарға қамқорлық жасауға, оларды баптап күте білуге тәрбиелеу. | | ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; өз ойларын еркін жеткізуге шығармашыл болуға, өтірік пен шындықты ажыратуға, өзін-өзі басқаруға тәрбиелеу. | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)<br>«Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу.<br>«Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.<br>BilimKids дамытушы мультфильмі<br>Киюді үйрену<br>https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/videos/video_file/12/uchimsya-odevatsya.mp4 | | | | |
| **Серуен** | Қардың түсуін бақылау.<br>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстарының бірі, қар туралы білімдерін кеңейту. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; қыста жауатын қардың жауыны туралы білімдерін бекіту.<br>Ғабиден Құлахмет «Аппақ қар» | «Өнелегі тәрбие».<br>«Қауіпсіздік». Аула тазалаушының еңбегін бақылау.<br>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Аула тазалаушы еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға тәрбиелеу; адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Қауісіздік. Еңбек | Суықторғайларды бақылау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер. Қыстап қалатын құстар туралы ұғымдарын кеңейту; бақылау барысында жануарлар (құстар) әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі туралы ұғымдарды бекіту.<br>Суықторғайлардың пайда болуы, әдеттері | Сарыбауыр шымшықты бақылау.<br>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Құстардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, қыстайтын құстардың бірін, сарыбауыр шымшықты ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білуге, қамқорлыққа тәрбиелеу. Суықтардың келуіне, қоректің жетіспеушілігіне | Қарғаны бақылау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер. Қыстап қалатын құстар туралы ұғымдарын кеңейту; бақылау барысында жануарлар (құстар) әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі туралы ұғымдарды бекіту. Қарғамен таныстыруды жалғастыру; оның тіршілік ету ортасы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыс қандай әсем еді, қара, далам,<br>Бір арман – ақ боз жеккен шана мағ ан.<br>Ағызып жұлдыздайын<br>Дүниені не жетсін күніне бір аралаған.<br>Қар қандай! Қарып көзді шағылады,<br>Жамылғ ан тау, даласы, бағ ы – бә рі.<br>Тоқтау жоқ, кедергі жоқ<br>Аппақ дүние!<br>Жер үсті аппақ нұрға малынады.<br>Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау.<br><br>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: | құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.<br><br>Терезе сыртында не деген ғажайып!<br>Алақай! Қыс түсті аулаға марқайып.<br>Аппақ қар, үлпілдек, жер бетін жаулаған,<br>Аулада балалар қарларға аунаған.<br><br>Аулашы ағайдың, байқасақ, таң атпай<br>Қолынан түспейді күрегі алыптай.<br>Көппіз ғой, балалар, шығайық аулаға,<br>Көмекші болайық аулашы ағайға. (Дина Ахметова)<br>– Балалар, аула тазалаушы қандай жұмыстар атқарады?<br>– Аула тазалаушының жұмыс құралдары бар ма? Оларды атап | туралы білімдері мен түсініктерін кеңейту. Қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>Қадыр Мырза Әли "Суықторғай"<br>Шыбық борбай<br>Суықторғай,<br>Бүрсең қағып,<br>Жүрсің нағып,<br>Ай-ай-ай!<br>Ақыл айтса,<br>Дос көрмедің,<br>Жақын айтса,<br>Ескермедің,<br>Ай-ай-ай!<br>Ескергенде<br>Өстер ме едің.<br>Шыбық борбай<br>Суықторғай,<br>Ай-ай-ай!<br><br>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды сыпырғышпен сыпыру. | байланысты, қыстайтын құстардың адамның мекеніне жақын жерге қоныстанатынына көңіл аудару.<br>– Балалар, біз көріп тұрған құсты қалай атаймыз?<br>– Оны қандай ерекшелігіне қарап, сарыбауыр шымшық деп атадық?<br>– Сарыбайыр шымшық немен және қалай қоректенеді?<br>– Адам құстарға суық мезгілде қандай қамқорлық жасай алады?<br>Сарыбауыр шымшықты<br>Кім кешеден көріпті?<br>Кішкентай, бұл батыл құс<br>Суық қысқа төзіпті.<br><br>Ешқашан шаршамайды,<br>Ешбір істен қалмайды,<br>Сарыбауыр шымшық | сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға ұмтылуды тәрбиелеу.<br>Сұлтан Қалиұлы<br>Қарғалар<br>Тысқа шықсам, аула – қар,<br>Басып қапты маңайды.<br>Тал басынан қарғалар<br>Тамашалай қарайды.<br>Бірі ұшып,<br>Асыға<br>Қонды келіп аулаға.<br>Қарады тал басына<br>Қарды кешіп, таңдана.<br>– Қар! Қар! – деп ол шаттанды, –<br>Әрине – қар, бар ма дау?<br>Жерді жапқан ақ қарды<br>Шекер ме деп қалғаны-ау!<br><br>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жолдағы қарды тазарту.<br>(еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу.<br><br>«Қауіпсіздік». "Екі аяз" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ынтаны және шығармашылықты таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын шарты, белгі сөздер бойынша жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін | көрейік.<br>– Қандай құралды қай уақытта қолдану керектігі неге байланысты.<br>– Біз ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз?<br>– Еңбек құрамдармен жұмыс жасауда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>«Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту.<br>(еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың күрекпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу; қарды бір үйіндіге қалай | (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жұмыс тапсырмаларын жауапкершілікпен орындауға жаттықтыру, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.<br><br>«Қауіпсіздік». "Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ынтаны таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>Кеңістікті бағдарлай білуді, дене үйлесімдігін, жылдамдықты, ептілікті, шапшаңдықты дамыту. Зеректікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздікті | құс<br>Қорек іздеп, талмайды.<br><br>Байқап көрсе – болады,<br>Айнала құсқа толады.<br>Жемшашарға шымшық құс<br>Ұшып келіп, қонады. Д. Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>«Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау.<br>(еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Жұмысқа жауапкершілікпен карауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. | адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қоқыстан тазарту.<br>(еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету.<br><br>"Балықшылар мен балықтар".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ынтаны таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын шарты бойынша жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нығайту. Жылдамдыққа, белсенділікке, шапшаңдыққа баулу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. Санамақты қолдану.<br>Екі аяз (алаң ортасының екі шет жағында тұрып):<br>— Қызыл аяз, көк аязбыз,<br>Бөлек жүргенде, аразбыз.<br>Біріксек, босқа тұрмаймыз,<br>Мұздатамыз, аямаймыз!<br>Кім дайын? Кім батыл?<br>Шық алға! Түс қолға!<br>Балалар:<br>— Қорықпаймыз аяздан!<br>Жүгіреміз біз жылдам!<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бәйге" қазақ халқының қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балаларды жарыс | дұрыс жинау керектігін көрсету.<br><br>"Қысқы эстафеталар" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі).<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>Дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда меңгерген қимыл дағдыларын (жүгіру, жүру, секіру) жетілдіру.<br>Эстафеталар реті:<br>кедергілерді аттап жүру;<br>кедергідерді айнала алға жүгіру ("жыланша");<br>жүгіру.<br><br>«Ордағы қасқыр» | қадағалау.<br><br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ынтаны мен шығармашылықты таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын- | <br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қасқұлақ» (қасқыр) қазақ халқының ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру.<br>Ойын шартын бұзбай ойнауды, қауіпсіздікті қадағалау.<br>Ойынға қасқұлақ (қасқыр), күзетші және қойлар қатысады. Ойын ережесін сақтау ("қасқұлақ" кімді атаса, сол бала өз орнында қалу керек), "күзетші" "қасқұлақты" қуалауға міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының әрекетімен келістіре | соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту. Жылдамдыққа, белсенділікке, шапшаңдыққа баулу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. Санамақты қолдану.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Қимыл дағдыларын (жылдамдықпен жүгіру) жетілдіру, шыдамдылыққа, мақсатшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br><br>"Нысана тигіз" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, лақтыру қимылын жетілдіру.<br><br>«Қауіпсіздік». Спорттық ойындар. (қардың жеткілікті көлемінде, ауа райының ойын үшін қолайлы болуы жағдайында) | қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: Балаларды бастамашылдық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуді жалғастыру; ойын ережелеріне бағына білу дағдыларын дамыту. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, қолды сермеп, екпінді аяқпен жерден қуатты итеріле білуді, жерге тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету.<br>Шапшаңдықты, батылдықты тәрбиелеу. Қауіпсіздікті ескеру.<br><br>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жұбыңды | жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br><br>«Қауіпсіздік». Спорттық ойындар. (қардың жеткілікті көлемінде, ауа райының ойын үшін қолайлы болуы жағдайында)<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Хоккей элементтерін игерту. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізе білуді үйрету, дамыту.Ойындар | білуін дамыту.<br><br>«Қауіпсіздік». "Ұсталып қалма" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын, жылдамдықпен, жалтарып жүгіруді жетілдіру. Достыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздікті қадағалау.птілікті дамыта отырып, доғаға тигізбей жорғалап жүруді үйрету.<br><br>"Нысана тигіз" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, лақтыру | қабілетін дамыту.<br><br>"Жыланша жүгіру" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Кедергілердің арасымен өту арқылы белгілі жылдамдықпен "жыланша" жүгіру қимылын жетілдіру.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. "жылан" секілді жорғалау іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.<br><br>«Қауіпсіздік». Спорттық ойындар. (қардың жеткілікті көлемінде, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шанамен сырғанауға жағдай жасау. Ойындар барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. | тап".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>Кеңістікті бағдарлауды, зейінді, физикалық қасиеттерді (жылдамдықты, икемділікті, ептілікті) дамыту. Ойын шартын ұстануды бекіту.<br><br>«Қауіпсіздік». Спорттық ойындар. (қардың жеткілікті көлемінде, ауа райының ойын үшін қолайлы болуы жағдайында)<br>(дене тәрбиесі)<br>Хоккей элементтерін игерту. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізе білуді | барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. | қимылын жетілдіру.<br><br>«Қауіпсіздік». Спорттық ойындар. (қардың жеткілікті көлемінде, ауа райының ойын үшін қолайлы болуы жағдайында)<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Хоккей элементтерін игерту. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізе білуді үйрету, дамыту.<br>Ойындар барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. | ауа райының ойын үшін қолайлы болуы жағдайында)<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шанамен сырғанауға жағдай жасау.<br>Ойындар барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | үйрету, дамыту. Ойындар барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. | | | |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, бетті, қолды жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Үнемді пайдалану». Жуынуда судың мөлшерін ұқыпты, үнемді пайдалануға дағдыландыру, өз әрекеттерін қадағалауға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Қуанады анашым, Таза оның баласы. | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Дос бол сабын, сумен сен, | Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Таңғы ас келді, Балалар үстелге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сүлгімен сүртіну.<br>Түс уақыты келгенде,<br>Дастарханға жайғастық.<br>Тамақ ішу әдебін,<br>Ішімізден ойластық.<br>Аяғымыз орнында,<br>Сөйлемейміз бәріміз.<br>Тамақ ішіп болған соң,<br>Жинасамыз тағы біз.<br>Тамақтану тәртібін,<br>Есте сақтап алыңыз.<br>Тамақтану аяқталғаннан кейін балалар аузын майлықпен ақырын сулап, қолдарын сүртеді (майлықты алдын-ала дайындалған арнайы контейнерге тастайды), тамақ үшін алғыс айтады және орындықтарды жайлап итеріп, үстелден тұрады.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Маңдайымнан сипайды,<br>Саусағының саласы.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дән саламын.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Жиі-жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз де, түсте де.<br>Су - тіршілік негізі,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>Гигиена егізі,<br>Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен-көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | жайғасты.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту.<br>«Қоянның үйшігі» | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аудио тыңдау М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні». (музыка) | «Балгер» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) https://bilimkids.kz/media/video/balger (қарым-қатынас іс-әрекеті) | ертегісін оқып беру. (қатынас іс-әрекеті) | «Бай мен тәуіп» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) https://bilimkids.kz/media/video/bai-men-t-uip (қарым-қатынас іс-әрекеті) | Аудио тыңдау М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні». (музыка) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды).<br>Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа** | "Құстар қалай үн қатады?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: құстардың шығаратын дыбыстарын сөзбен жеткізуге дағдыландыру; сөздік қорды байыту.<br>Педагог балаларға | Құрастырудан ойын-жаттығулар.<br>"Жабайы аңдардың қысқы тіршілігі"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бүктеу арқылы түлкіні құрастыруға үйрету; қағазды ортасынан, екіге | "Ұшты-ұшты" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту.<br>Міндеттері: балаларды ұшатын және ұшпайтын | "Зообаққа орналастыр" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларда антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың | "Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және оларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | құстардың суреттерін қолға алып, қандай дыбыс шығаратынын айтуға шақырады. Аққу сұңқылдайды, қиқулайды. Әупілдек әупілдейді. Әтеш шақырады. Байғыз шұрылдайды. Безгелдек безектейді. Бозторғай шырылдайды. Бөдене бытпылдықтайды Бұлбұл сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін уілдейді. Көкек көкектеді. Күркетауық күркілдейді. Қаз қаңқылдайды. Қарға қарқылдайды. Қарлығаш шықылықтайды. Құр құрылдайды. Қырғауыл құрқылдайды. Сауысқан шықылықтайды. Сұңқар саңқылдайды. Тауық қыт-қыттайды. Тауыс шақырады. Тоқылдақ тоқылдайды. Торғай шиқылдайды, шырылдайды. Тырна тыраулайды. Үйрек | бөліп бүктеу, түрлі бағытта, тегістеп бүктеу іскерліктерін толықтыру.<br><br>«Біз экологпіз» тақырыбына тақырыптық, эксперименттік іс-әрекет ұйымдастыру. https://bilimkids.kz/steam/98?l=7<br><br>"Құстар" (аңдар, балықтар) дидактикалық ойыны.<br>(танымдық, коммуникативті іс-әрекет, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: жануарларды, құстарды, балықтарды топтастыру және атау қабілеттерін бекіту. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар | заттарды тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты! (Қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға | көлеміне қарап, салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары, құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.<br>Ойынға керекті құралдар: зообақ торлары, әр түрлі жануарлар, аңдар, құстар.<br>Ойын барысы. Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян, тиін т.б. кіші торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтып, | сипаттама арқылы тануға үйрету.<br>Міндеттері: балаларды ақылды болуға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Құстарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші құстың қимылдарын бейнелейтін немесе оларды сипаттайтын жүргізушіні тағайындайды, басқа балалар болжап, табу керек.<br><br>"Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | барқылдайды. Үкі уілдейді. Шағала шаңқылдайды. Шымшық шиқылдайды.<br><br>«Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр".<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге театр қандай орын екенін, оның адамның өмірінде қандай маңызы барын ойын барысында анықтау; артист, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюмді әрлеуші, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандары жайында біліктерін тиянақтау; жағымды қатынастарын қалыптастыру; мәдени | шеңберге тұрады, жүргізуші құстың (балық, жануар, ағаш, гүлдер) атын атайды және допты көршісіне береді, ол келесі құсты атайды, т.с.с. Кім жауап бере алмаса, шеңберден шығады.<br><br>"Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.<br>Ойынның барысы.<br>Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала | ұшты! (Қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты арба ұшты! (Қол көтермейді)<br><br>Жапсырудан ойын-жаттығулар.<br>"Аққала"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды дайын дөңгелек пішінді қағаздар арқылы аққала бейнесін құрастырып, ағаш бұтағы, қолғап, аққала бет әлпеті бейнеленген дайындамалардан аққаланы жапсыруға үйрету.<br><br>Еркін ойын: "Торғайлар мен мысық".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, | ол туралы білетін жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақтарын айтады.<br><br>"Жаңа сөз және жаңа сөйлем" жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>– Қар – қарлы – ақша қар – қарша қыз.<br>– Қол – қолдау – қолбасшы – қолыстасу – қолтық.<br>– Бас – басшы – бастық – басшылық – қу бас – бастау.<br>– Жар – жартас – Қызылжар – жару – жарлы. | және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>Сөздік қорды молайту.<br>– Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алыс – жақын, т.б.<br><br>"Құстар мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.<br>Ойынның барысы.<br>Балалар құстар болып ұшып жүреді. Бір бала мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың жанына келеді. Мысық оянып құстарды қуады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындағы тәртіп ережелерін пысықтау; мәнерлеп сөйлеуін дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "қызмет", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негіздінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру. Ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: | мысық болады. Мысық ұйықтап жатады. Құстар мысықтың қасына келеді. Мысық ұйқысынан оянады, құстарды қуады. | зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.<br><br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кітапхана".<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашының атқаратын рөлі неде екенін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.<br>Құралдар.<br>Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. | – Су – ақ су – қызыл су – сулы – сусын – сусылдап – сулау.<br>– Бір – біреу – бірге – бірінші – бірлік – біраз – біркелкі – бірдене.<br><br>“Құстардың ұшып келуі” қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру<br>Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл күйлерін көтеру. Балаларды саламатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>Ойынның барысы. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сахна қойылымы көрермендерге қызықты болу үшін, тек артистер ғана емес, көптеген мамандар жұмыс істейді; еңбекті қадірлеу керек; театр - мәдени орындардың бірі, бұнда сыпайылық ережелерін ұстанады. | | Ойын соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі ережелер - тыныштық сақтау, қатты сөйлемеу; кітаптарды ұқыпты ұстау, оқып болған кітаптарды кітапханаға қайтару. | Балалар (құстар) қанаттарын жайып, алаңның барлық жеріне ұшады. "Боран" деген белгі бойынша құстар ағаштарға тығылады. Тәрбиеші "Боран тынышталды" деген кезде ағаштардан жерге түседі, ұша бастайды. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Санамақ айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ өнеріне баулу.<br>"Кел, санайық санамақ".<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон! | "Артық құсты тап" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу; "жыл құстары" ұғымын нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстарды ажырату, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Барысы. Педагог жыл құстарын жемшашарға ұшып келген қыстайтын құстардың арасына арнайы орналастырады. | Саусақ жаттығуын айтқызу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер. Шешендікке, сөз өнеріне баулу.<br>Ақшақарлар қалықтап (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету),<br>Ұшып барады, асықпай (саусақпен кезек-кезек жыбырлату).<br>Айналып, оңға ұшып (қолдармен бір жаққа бұраңдау),<br>Айналып, солға ұшып, (қолдармен екінші жаққа | Санамақ айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ өнеріне баулу.<br>"Кел, санайық санамақ".<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнеки, қон! | "Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойын. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде байланыстыра сөйлеуді дамыту; бақылау, көрнекі зейін, еске сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста. | Балалар құстарды мұқият тексеріп, артық құстың атын атайды.<br>Педагог балалардан өз таңдауын түсіндіруді сұрайды. | бұраңдау),<br>Мамықтай жерге түсіп (алақандармен жоғары бұлғап, төмен қарай түсіру,)<br>Тыныш жатыр, бізді күтіп (алақандарды үстел басына, тізеге салу). | Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста. | табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Барысы.<br>Лото түріндегі ойын, бала белгілі бір маусымы бар суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы күрделендіре алады. |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)<br>«Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ - киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу.<br>«Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту. | | | | |
| **Серуен** | «Қауіпсіздік». Қарлы боранды бақылау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс- | «Экологиялық тәрбие». Қарағайды бақылау.<br>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс- | Терезедегі өрнектерді бақылау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс- | «Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Арнайы көліктер. Өрт сөндіру көлігін (полиция көлігін) | «Қауіпсіздік». «Экология». Кеш мезгіліндегі күнді бақылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту (бұлт, қар, жел); қарлы боранның пада болу себебптеріне көңіл аудару; адамның қарлы боранда далаға шықпау туралы қауісіздік ережелерін үйрету.<br>Боран гулеп соғады,<br>Қайсар қалай тоңады?<br>Мақта, мейлі.<br>Айналаны орады.<br>Аяғында саптама,<br>Мақтама.<br>Баста тымақ,<br>Өзіңе дәл, шақ қана.<br>Қайсар бейне атамдай,<br>Үсте тон.<br>Қолда қамшы, астында ат.<br>Қой қайырған шопандай.<br>(Н Жанаев)<br><br>«Аңшылар мен қояндар» | әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар; қылқан ағаш түрі, қарағайдың ерекшеліктерін тану, өзге ағаштардан ажырата білу қабілеттерін дамыту; қарағайды тірі табиғат түрі көріп, оның суық мезгілде қылқандарды тастамайтынын, жасыл түсті болатынын, суыққа төзімді екендігін байқату. Қарағайдың адамның ағзасына, тазаның таза болуына жағымды әсер ететінін ескерту; экологиялық білім негіздерін қалау.<br>Мүбәрәк Жаманбалинов "Қарағай"<br>Жаз жасылға оранған | әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, қар) балаларға құбылысты түсіндіру. Құбылыстың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>"Суретші аяз" (Дина Ахметова)<br>Қарлы ою әйнекке<br>Түсіп қапты бір сәтте:<br>Ғажайып құстар, гүлдер,<br>Толқындар мен кемелер.<br><br>Таң атқалы ойландық,<br>Суретшіні таппадық.<br>Кім сыртта жүр сықырлап,<br>Сурет салып, сиқырлап?<br><br>Жылтыраған күмістей<br>Жүр ғой көзге көрінбей,<br>Сырттан қарап, аяндап,<br>Ішке кірмей, ұяңдап. | бақылау.<br>(зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: арнайы көлік құралдарының түрлерін (өрт сөндіру көлігін, полиция көлігін) ажырата білу қабілеттерін дамыту; әртүрлі мамандықтар: көлік жүргізушілер (жүргізуші, өрт сөндіруші, полицей) еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету; жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру; сөздік қорды молайту.<br>– Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер?<br>(«Жедел жәрдем», өрт | (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымын бекіту, оған күннің жататынын анықтау; күн мен маусымдық табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, түсінуге үйрету.<br>Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну.<br>Кешкі уақытта күннің көлемі, күндізгіге қарағанда, едәуір үлкен, түсі қызылға айналатынын, суық маусым кезеңінде күн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
